

CHAT (CHecklist for Autism in Toddlers)

18–24 айлық жаста аутизмге скрининг жүргізу

Баланың аты-жөні: _____ Туған күні: _____

Медициналық карта нөмірі: _____ Бүгінгі күн: _____

А бөлімі: ата-ана толтырады

1. Балаңыз тербетілгенді, тізеңізде секіргенді және сол сияқты ойындарды ұната ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
2. Балаңыз басқа балаларға қызығушылық таныта ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
3. Балаңыз бір нәрсеге, мысалы баспалдаққа өрмелегенді ұната ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
4. Балаңызға «ку-ку» (тығылып-көріну) немесе жасырынбақ ойнау ұнай ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
5. Балаңыз кейде БОЛҒАНСЫП ойнай ма, мысалы, ойыншық кесе мен шәйнекті алып шай құйып жатқандай немесе басқа нәрселерді істеп жатқандай?	☐ Иә	☐ Жоқ
6. Балаңыз кейде бір нәрсені СҰРАУ үшін сұқ саусағымен нұсқай ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
7. Балаңыз кейде бір нәрсеге ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН білдіру үшін сұқ саусағымен нұсқай ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
8. Балаңыз ұсақ ойыншықтармен (мысалы, машина немесе кубиктермен) оларды жай ғана аузына салмай, айналдырмай немесе тастап жібермей, дұрыс ойнай ала ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
9. Балаңыз кейде сізге (ата-анасына) бірдеңе КӨРСЕТУ үшін заттарды алып келе ме?	☐ Иә	☐ Жоқ

В бөлімі: дәрігер немесе медицина қызметкері толтырады

1. Қабылдау барысында бала сізбен көз байланысын орнатты ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
2. Баланың назарын аударыңыз, содан кейін бөлменің арғы жағындағы қызық затқа нұсқап: «Қарашы! Ана жақта (ойыншықтың аты) тұр!» деңіз. Баланың бет-жүзін бақылаңыз. Бала сіз нұсқап тұрған жаққа қарай ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
3. Баланың назарын аударыңыз, содан кейін балаға ойыншық кесе мен шәйнекті беріп: «Маған бір кесе шай құйып бересің бе?» деңіз. Бала шай құйып жатқан, ішіп жатқан болып ойнай ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
4. Балаға: «Шам қайда?» немесе «Шамды көрсетші» деңіз. Бала сұқ саусағымен шамға НҰСҚАЙ ма?	☐ Иә	☐ Жоқ
5. Бала кубиктерден мұнара құрастыра ала ма? (Егер иә болса, нешеу _____)	☐ Иә	☐ Жоқ

В2: Бұл тармаққа «Иә» деп белгілеу үшін баланың тек сіздің қолыңызға емес, сіз нұсқап тұрған затқа қарағанына көз жеткізіңіз.

В3: Егер басқа бір ойында болғансып ойнаудың мысалын байқай алсаңыз, бұл тармаққа «Иә» деп белгілеңіз.

В4: Егер бала «шам» сөзін түсінбесе, «Аюың қайда?» деп немесе қолы жетпейтін басқа затты сұрап қайталаңыз. Бұл тармаққа «Иә» деп белгілеу үшін бала нұсқаған кезде сіздің бетіңізге қарауы керек.

(Бағалау бойынша ұсыныстарды артқы бетінен қараңыз)

СНАТ негізгі тармақтары

А бөлімі

- A5: Болғансып ойнау
A7: Протодекларативті нұсқау

В бөлімі

- B2: Нұсқау ишарасын қадағалау
B3: Болғансып ойнау
B4: Нұсқау ишарасын жасау

СНАТ негізгі емес тармақтары

А бөлімі

- A1: Аунап-қунап ойнау
A2: Әлеуметтік қызығушылық
A3: Қимыл-қозғалыстың дамуы
A4: Әлеуметтік ойын
A6: Протоимперативті нұсқау
A8: Функционалдық ойын
A9: Затты көрсету

В бөлімі

- B1: Көз байланысы
B5: Кубиктерден мұнара

Қауіп тобын анықтау

Аутизм бойынша жоғары қауіп тобы	A5, A7, B2, B3, B4 тармақтарында ЖОҚ жауабы
Аутизм бойынша орташа қауіп тобы	A7 және B4 тармақтарында ЖОҚ жауабы (бірақ жоғары қауіп тобына жатпайды)
Аутизм бойынша төмен қауіп тобы	Басқа екі қауіп тобына жатпайды

Әрі қарайғы әрекеттер бойынша ұсыныстар:

Жоғары қауіп тобы:

Баланың дамуы бойынша мамандандырылған орталыққа, сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға (ПМПК) жіберу.

Орташа қауіп тобы:

Күдік жоғары болса: жоғарыда көрсетілгендей жіберу
Күдік төмен болса: бір айдан кейін қайта тексеру

Төмен қауіп тобы:

Кез келген ЖОҚ жауабы болса, бір айдан кейін қайта тексеру.